


899.342-1  
A88

ЖАЛЫН БАСПАСЫ



# ОРАЗАКЫН АСКАР

*Атамекенде оралында*

# ОРАЗАҚЫН АСҚАР

*Атамекение оралтанда*



*Өлеңдер мен поэмалар*



Алматы  
“Жалын баспасы”  
2005


ББК 84 Қаз 7-5  
О 88

Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
акпарат және спорт міністірлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

**Оразақын Асқар**  
**О 88 Атамекенге оралғанда.** Өлеңдер мен поэмалар. —  
Алматы: 2005. — 272 бет.  
ISBN 9965-693-14-5  
Бұл жинаққа ақынның 1978-жылдан 1985-жылға дейінгі  
жазған өлеңдері мен поэмалары топтастырылды.  
Атамекен аясында жазған әр алуан тақырыптағы бейнелі  
өлең-жырларымен қоса сәйгүлктер жайында жан-жақты  
қамтылған алты тараудан тұратын “Замана дүлдүлі” атты және  
“Ұлы тоғыс” деген Түркісіб темір жолы туралы поэмалары  
енди.

**О 4702250202-02** 2-2005

ББК 84 Қаз 7-5



---

## ҚЫЗҒАЛДАҚТАР

Қызғалдақтар ашып алдан түр есік,  
Қызғалдақтар келе жатыр ілесіп.  
Көп алып ек үлкендердің алғысын,  
Келеміз біз жолымызға гүл өсіп.

Қызғалдақтар айтты нөзік бізге әнді,  
Ардақтатты қызғалдақтай қыздарды.  
Құшақ ғүлге толды деген түк емес,  
Қызғалдақтар құшағына бізді алды.

Қызғалдақ боп жатты дала көсіліп,  
Баптай алмас ешкім мүнша өсіріп.  
Қайттық үйге көздеріміз алаулап,  
Қызғалдақты көңілімізге көшіріп.

*28-мамыр, 1978*

## ЖЕР

Тексеріп тәнін қараши,  
Жетеді жердің жарасы.  
Сан рет күлге айналып,  
Қаланған қайта қаласы.

Таусылып талай шаrasы,  
Күнгे де жеткен наласы.  
Шашылған қаңқа сүйектен  
Босамай сай мен саласы.

Қорғаған ата-бабасы,  
Төленген жердің бағасы.

Ешкім де емес бересі,  
Ешкім де емес аласы.

Уланбай ақыл, санасы,  
Көгерген адам баласы.  
Жеміске толсын ауласы,  
Егіске толсын даласы.

Жетеді көздің аласы,  
Біткен жоқ пікір таласы.  
Бықсуда соғыс өртінің  
Сөнбеген әлі шаласы.

Адамдар сергек қарашы,  
Жоқ жердің басқа жаңасы.  
Дөңгелек үстел секілді ол,  
Болайық қоршап панаңы.

*2-маусым, 1978*

\* \* \*

Алаңсыз жұмыс күндерім,  
Қызықты неткен нұрлы едің.  
Жаныма қандай жайлышың,  
Үйқысы тыныш түндерім.

Ұзатып іске күнбе-күн,  
Қарсы алып үйім түр менің.  
Тентек ұл, ерке қыздарым  
Өздеріңменен біргемін.

Жарасып досқа әзілім,  
Естілген жарға наз үнім.  
Қарынның ғана қамы емес,  
Іздеймін жанның азығын.

Өз елім, құтты қонысым,  
Өзегім жырға толышың.  
Бар ойым адад атқару  
Ер-азаматтың борышын.

*3-маусым, 1978*

## **ОТАН-АНА**

Алыстан аңсап сені Отан – ана,  
Зар болып зорға жеткем босағаңа.  
Мені де мерт етуі мүмкін еді,  
Аңдыған бір Бекежан Қособада.

Қатерден арашалап төніп келген,  
Өзіңсің қуат берген, ерік берген.  
Шыр етіп шерменде боп шетте туып,  
Отансыз тұл тірлікті қөріп келгем.

Ұласып бесік жырым “Елім-айға”  
Деп шыққан тілім: – Баба жері қайда?  
Егіліп айтқан әке естелігі  
Есейтті ерте қанат беріп ойға.

Мен емес сенен кеткен, келген менмін,  
Баршасын игіліктің елден көрдім.  
Аранын ашқан ажал аузынан қап,  
Сырқатқа шетте тап боп, сенде емделдім.

— Мұнда алған бағытыңның бәрі жазық,  
Жи, — дедің, — қалауыңша жаныңа азық.  
Жоғары окуынды бітірсем де,  
Келемін білім кенін әлі қазып.

Ақын боп, азамат боп Отан-ана,  
Өзіңнен қайта тудым осы арада.  
Жер түгіл, айды айналып күнді құшсам,  
Жаныма мұнша шаттық қоса ала ма.

Ойласам ықыласынды өседі еңсем,  
Әлпештеп жолыма гүл төсеген сен.  
Қорыңа өз қолымнан үлес қосып,  
Арман не үл міндетін өтеп өлсем.

*8-маусым, 1978*

*Жаркент*

\* \* \*

Қарайды хал-жайыңа қайдан бала,  
Өмірге келеді қан майданда да.  
Елей ме от пен суды жас балдырган  
Жарыққа жапырағын жайған жаңа.

Ат жалы, туар түйе қомында да,  
Туады тұтқында жау қолында да.  
Мәпелеп мейіріммен құшақ ашып,  
Аузына ақ сүт тосар оның да ана.

Тарихта көрде де ұл тұған жоқ па,  
Тұған бар самолетте, пароходта.  
Ай күні толған кезде дей алар кім:  
“Отанға оралғанша шыда, тоқта?”

Тұыппын солар тектес мен де шетте,  
Өзінді іздегенді ерге есепте.  
Атынды ана сүтпен бірге емдік,  
Аңсадық өз сүйнды шөлдесек те.

Отанға болмаса да тіреу, тұлға,  
Қашан да отан керек қызыға, ұлға.  
Мен сонда туып ем деп шолақ үқса,  
Тартпай ма біреу көкке, біреу суга.

“Ер туған жеріне” – онды мақал екен,  
Біреулер соны бұрып жатады екен.  
Төбеге туған халқың ту көтерген,  
Емес пе нағыз отан – атамекен?!

8-маусым, 1978 ж.

\* \* \*

Атынан айналайын атамекен,  
Өзіңсің мейірімді ана, қатал әкем.  
Аяңда бұтаң пана, сүйн серік,  
Сенсіз жер толған қауіп-қатер екен.

Атынан айналайын атамекен,  
Әр тасың алтын тақпен қатар екен.  
Әр төбен қөзіме оттай басылады,  
Басына атам шыққан жота ма екен.

Атынан айналайын атамекен,  
Аймалап желің де тіл қатады екен.  
Аңсап кеп бұлағынан су сімірген,  
Бейне бір тіліңнен бал татады екен.

Атынан айналайын атамекен,  
Қалың ел төсінде алшаң басады екен.  
Толы екен қалаң зауыт, далаң малға,  
Егісің көкжиектен асады екен.

Атынан айналайын атамекен,  
Даңқынан жау сескеніп сасады екен.  
Бақ, байлық, өнер, білім өз алдына,  
Өзіңе үл болу да атақ екен.

9-маусым, 1978  
Қызылеспе

## ШЕКАРА

Шекара – шет екен ел басталатын,  
Араға таспадай жер тасталатын.  
Бірде тау болса, бірде өзен екен,  
Екі ел екі жағын басқаратын.

Зерттейтін аспандағы бұлтын да адам,  
Ұшқан құс тексерілген, ұмтылған аң.  
Әр дыбыс, әр қозғалыс есептелген  
Жер екен ауасы да тың тындаған.

Жоқ екен оның көңіл бөлмегені,  
Жоқ екен өмірде оның көрмегені.  
Екі жақ тең күзеткен көпір екен,  
Үлгідей бос тұратын көрмедегі.

Кол екен доспен тұңғыш танысатын  
Сол екен жаумен алғаш алысатын.  
Жол екен елді айналған ең бір ұзын,  
Өзге елдер жолын жалғап жарысатын.

Ал өзі қарапайым жұпны екен,  
Айтылған әр сөзі бір үкім екен.  
Қашан да сақадай сай сақшылары,  
Шекара – бұзылмайтын бүтін екен.

Киелі айнымайды қақпадан бір,  
Қалт етпей екі ел екі жақтан андыр.  
Ортада біздің желмен тұр ырғалып,  
Біріне екі жақтың жатпаған гүл.

*10-маусым, 1978*

*Kоргас*

## ОРАЛ

Қазақтың еуропалық қарт қаласы,  
Өлеңім – көрімдігім тартқан осы.  
Ежелден таланттарға құт мекенсің,  
Еліңнің ерте өскен салт-санасы.

Пушкин, Даль, Жуковский, Қасым болған,  
Қаласың Тоқай, Сәкен досың болған.  
Ақында артық бақыт болмас сірә,  
Соларға соқпағы кеп қосылғаннан.

Қолбасшы, батыр да қөп келіп-кеткен,  
Пугачев аз да болса ерікті еткен.  
Чатаев жауға пенде болғанша деп,  
Атылып Ақжайыққа еніп кеткен.

Таң атып Азиядан алғаш күліп,  
Орнықтың Еуропага малдас құрып.  
Шолохов қонағың боп жүреді ылғи  
Дәстүрін Толыстойдың жалғастырып.

Таудың да, өзеннің де атын алып,  
О, Орал өсүдесің сатыланып.  
Дәм татқан өз қолындан ұлылардың  
Көркейді әр көшөң бір атын алып.

*14-маусым, 1978*

*Орал қаласы.*

## ДАЛА

Дала, дала жазық нендей, кең нендей,  
Жол атаулы даланы екі бөлгендей.  
Қайда барсақ біз жүрген жер орталық,  
Көкжиек түр сызып қойған шеңбердей.

Дала, дала өр де жоқ бір, еңіс жоқ,  
Қойғандай-ақ қолмен біреу тегістеп.  
Қалай бұрсаң солай ағып жатыр су,  
Бет алысы шабындық бол, егіс бол.

Дала, дала жауға алдырмас қамалым,  
Тартқан күйім, шырқап салған жаңа әнім.  
Жол бойына қонған қарақұсынды  
Көлік күткен кісі екен деп қаламын.

Дала, дала тың көтерген байлығым,  
Байқоңырдай алаңсызың бәйгінің.  
Өзге түгіл қос жанарым жарысып,  
Салады асыр секілді анау тай-құлын.

Дала, дала дарқандықтың мысалы,  
Толып жатыр сенде атқарар іс өлі.  
Көлемінді қамтуға тек түр жетіп  
Жоғарғы вольт желісінің құшағы.

*18-маусым, 1978*

*Жұлдыз.*

\* \* \*

Исін жұтып жусанның,  
Ішпей-жемей бусандым.  
Тербеледі бидайық  
Түгі тектес сусардың.

Тіл қатқандай тобылғы:  
Әкелші,— деп қолынды,  
Жүрдек етіп берейін  
Шабан болса торынды.

Шаттықтан бір тыншымай  
Дей беремін “Шіркін-ай!”  
Суатта тұр тал, терек  
Шыбындаған жылқыдай.

Тынис неткен кең еді,  
Осы ғой жан керегі.  
Бозторғаймен бірге ұшып,  
Сайрап кеткім келеді.

*20-маусым, 1978*

## КӨЛДЕГІ КЕШ

Қоғалы көл жалтылдан,  
Көз тартады сыйқырлап.  
Шағаласы шаңқылдан,  
Қызығыштары қиқулап.

Бітпейді құс ойыны,  
Көлден шабақ іледі.  
Көкқұтанның мойыны  
Көк құрақты тіледі.

Оқсыз келсең көресің  
Құстың не бір көркемін.  
Ақкуларға ересің  
Иемденген көл төрін.

Көлге күннің батуын  
Қызықтадым күзетіп.  
Қып-қызыл күн ақырын  
Қалтындай быж етіп.

*20-маусым, 1978  
Ақкөл*

## **АҚША БҰЛТ**

Көк аспанда ақша бұлт бөлек, бөлек,  
Деп тұрғандай қай жерге көмек керек.  
Сусаса егін бір-бірлеп бұлт тұтасып,  
Қалмасын деп жауады жер өкпелеп.

Үйір-үйір аққудай көлде жүзген,  
Бұлт аумайды текемет өрнегінен.  
Жасыл ала жер үсті, көк ала аспан,  
Сұлулықты дәл мұндай көрмедім мен.

Суретіндей көз тартқан шеберлердің,  
Ұзақ тұрып даланы келер көргім.  
Аңызақтан ауаны сақтайтындей  
Тасасына әр бұлттың бөгелген күн.

Ақша бұлттар ыстыққа ем болатын,  
Қағып-қағып қояды жел қанатын.  
Бұлтында да даланың қасиет бар,  
Аспаннан да жүретін жерге жақын.

Қияқтана қоймаған мұрттары әлі,  
Көк көусөрін егін түр ұрттағалы.  
Жердің тарай бастады шалғын шашын  
Көкжиекте аспанның бұлт тарағы.

*21-маусым, 1978*

## **ДАЛАМЕН ҚОШТАСУ**

Күн жақсы көрісkenше қайран дала,  
Салатын жер екенсің сайран ғана.

Аяңда айналасы аз-ақ күнде  
Құлпырып шыға келдік жайраң қага.

Уақыт жоқ аялдауға шіркін дала,  
Қараған сайын жазар жырсың жаңа.  
Телегей теңіз астың асыл қазына  
Жазық боп жатқанмен жәй сыртың ғана.

Самалы бір тынбайтын салқын дала,  
Қасиет жатыр ғой әр салтында да.  
Кең-байтақ сені жаудан қорғап қалған  
Ер жүрек емес пе өрі халқым дана.

Үлдарың өзің тектес дарқан дала,  
Сынай бер шілдеде де, қаңтарда да.  
Шетінен ақын, әнші, мерген , жомарт  
Болуы екен сенің арқаң ғана.

*22-маусым, 1978*

## **НӨСЕР МЕН ГҮЛ**

Жаңа ғана күн түр еді жарқырай,  
Бұлт бүркеп соққан желдің салқыны-ай.  
Түндей қою көлеңкеге көміліп,  
Тонды гүлдің тұла бойы қалтырай.

Тығыз ауа тарылтқандай тынысын,  
Қатер төніп қалғандай бір гүл үшін.  
Жапырағын тесіп кете жаздады  
Көрсетіп бұлт тамшысының ірісін.

Естігенде көктен күннің күркірін,  
Гүл бүгілді айқастырып кірпігін.

Сәлден кейін самалға бас шайқады,  
— Мына нөсер бермеді-ау, — деп, — бір тыным.

Көрген кезде наизағайдың жарқылын,  
Гүл тыншыды тапқандай боп сәл тыным.  
Қасарысып тағы басын шайқады  
Әдетіне басып бұлтқа қарсының.

Нөсер құйып көкжиекті бөктерлеп,  
Сол бетімен соқпай гүлге кетті өрлеп.  
Гүлдің күткен күні шықты жарқырап  
Аспаны да ашылды әні көкпенбек.

Гүлді бірақ көре алмадық шаттанған,  
Ұзақ қарап нөсерге алыс аттанған.  
Әкініштің өрті жайлап өзегін  
Ашылмай жан түкпірінде жатты аунап.

Бір басына тағылғандай мың айып,  
Гүл еңсесін көтермеді мұңайып,  
Гүл қуантып тұрсын десек көркіне  
Нөсердің тез оралуын сұрайық.

*26-маусым, 1978*

## ЕСКЕ АЛДЫМ ҚАСЫМ АФАНЫ

Қақпанды ашып өлеңмен,  
“Оралым менің, Оралым”.  
Көшенді кезіп келем мен,  
Ішінде жолдас-жораның.

Жүрді-ау деп осы жолменен  
Ойладым қайран Қасымды.  
Болсам да бұрын көрмеген  
Көзге оттай көп жер басылды.

Жастар жүр күліп жайрандаپ,  
Жайнатып “Совет” көшесін.

Жастықтан алып сайрандап  
Әкенің кеткен есесін.

Қай үй деп ақын жұмбағы,  
Іздедім сырттай көргім кеп.  
Үйлердің бәрі ымдады  
Тұрғандай бейне “менмін” деп.

Мереке Жайық жағасы,  
Күндерде бейбіт бүгінгі.  
Көрдің ғой көпті, қарашы,  
Менің де тыңдал жырымды.

— Бол, — дейді, — құтты қонағым,—  
Кең пейіл халқы меймандос.  
Оралдың көрдім боранын  
Қасыммен болған майдандас.

Шағанның бойы гүл екен,  
Ұлы өлең түсті есіме.  
Бұлбұл құс қайда жүр екен?  
Қасымның қонған төсіне.

Отанға қауіп төнгенде  
Қоштасқан қимай қаланы —  
Оралды тұңғыш көргенде  
Еске алдым Қасым ағаны.

*30-маусым, 1978*  
*Шаган*

## ЕГІЗДЕР ТОЙЫ

Еселеп орындалып күткен үміт,  
Қамданды бір үй екі отау тігіп.  
Бір жаршы шақырды елді екі тойға,  
Үйленбек егіз қызға егіз жігіт.

Көрмепті бұлай тағдыр қосқанын жұрт,  
Ақын да отырған жоқ босқа жыр ғып.

Бір ғана билетінде шақырудың  
Қос күйеу көз тартады қос қалыңдық.

Құдалар бар деп басқа не тілегім,  
Билерін білмей жүр не секірерін.  
Бір күнде бір үй екі қыз ұзатып,  
Түсірмек енді бір үй екі келін.

Бәріне той біткеннің жарағандар,  
Деп тұрды: “Бізді түгел жаңаландар”.  
“Топ жарып төрт жас келе жатыр”, – деген  
Бұл тойға керек болды жаңа жар-жар.

Қос ақын қос келіннің бетін ашпақ,  
Екі топ қосарлана шашу шашпақ.  
“Күйеулер, қалыңдықтар отырсын”, – деп  
Құтті ел төрден түгел орын тастап.

Екеуден күйеу қосшы, қыз жолдас та,  
Екіден болды әркім айтқан тост та.  
Құдағи, құда саны қаз қалпында  
Дәстүрдің бәрі екіден одан басқа.

Тік тұрып екі асаба той басқарды,  
Әр жерде екі реттен той басталды.  
Екі рет „ағын”, деген айғай шығып,  
Екі рет електір шам сөніп жанды.

Қос жұлде, екі көкпар сұрады көп,  
— Қыздым, — деп өкінген бар, — бір-ақ рет.  
Екі қыз ғана іштей бір қуанды:  
— Мамамыз бір-ақ рет жылады, — деп.

*12-шілде, 1978*

*Шелек*

## **КӨКПАР**

Лақ біреу, көкпарда тартушы көп,  
Қамшы басар атына әркім “шұ” деп.  
Додадан түк ілінбей бос шықса да,  
Айтпас ешкім жеңгендер “алсынышы” деп.

Бірде қара көбейер, бірде сиреп,  
Бірде дара озады, бірде түйдек.  
Кейде адамдар өзара жұлқыласып,  
Жерде лақты түяқтар жатады илеп.

Араласар көрі де, жас та бұған,  
Бала қалмас тай мінген қастарынан.  
Іздеп жүрген көкпары алдан шықса,  
Тұра қашар кейбіреу сасқанынан.

Білегінде күш бар ма тіресе алар,  
Көлігінде күй бар ма ілесе алар.  
Оны ойламас біреулер көкпар десе,  
Арбадан ат шығарып міне шабар.

Ол қаратпас өзге ойын-сауығыңа,  
Көз жұмдырар көп қатер-қауыбыңа.  
Қолы ілінсе лақтың сирағына  
Бұра тартар әркім өз ауылына.

Топ көбейтіп әншнейін қараға еріп,  
Жүргендер көп ел танып, дала көріп.  
Қамшы батып жанына текке шапқан  
Аты ғана қара тер, ала көбік.

Сайрандауға уақыт тапқанда жаз,  
Көкпар қызып көппен бір шапқанға мәз.  
Топтан озып бел асқан бірен-саран,  
Табан тіреп тартысып жатқандар аз.

Екі бүктеп қамшысын тістеп алып,  
Нағыз ерлер айқасар ішке барып.  
Көкпар қалып, өзі озып жүр біреулер,  
Артта қалып аңсаған істері анық.

Ұранға айғай әншейін қосатын бар,  
Озғандарды тасадан тосатын бар.  
Басым келген басқаны құлатқалы  
Дейтіндер бар: “Тартпасын босатындар!”

Көкпар тиіп қалар деп жолымыз боп,  
Жүргендер бар өзгеден көлік іздең.  
Әлсіздер бар жалынған күштілерге ;  
“Тақымыма бір басып беріңіз”,—деп.

Бірі атын жетектеп, бірі айдаған,  
Төнсе топ күш қалайша шыдайды адам?!  
Жекпе-жекте күш сынап жатқандарды,  
“Жер соқтырар солар” деп кім ойлаған?!

Сырттай бір сәт көкпарды бақылаған,  
Кетер терең қиялға батып адам.  
Көкпар емес, көрдім бір іспектөкіл,  
Жайлау дейтін кең байтақ сахнадан.

10-тамыз, 1978

## ЕКЕУІҢЕ

Қиын да емес, оңай да емес үй болу,  
Үй болу — үйге қамқорлық жасап үйрену.  
Қабағын бағу, қоңілін табу жарыңның  
Екеу боп өмір сүрудің жолын игеру.

Қашанда жарға керегі жылы назарың,  
Жалғызыратпа, тартқызба күту азабын.  
“Мен бүйтіп едім, сен неге сүйтпей жүрсін?” — деп,  
Орнатпау керек сауданың үйге базарын.

Аяйық жарды, біреуді егер аясақ,  
Үйге де керек ішкі де сыртқы саясат.  
Үйде де болар өскери қатаң құпия,  
Жүрмендер өсте ішкіні сыртқа жая сап.

Асығыстықтан, ашудан абзал безінген,  
Дос болу керек қашанда сабыр-төзіммен.  
Жар деген өзің, өзім деп тапқан жалғызың,  
Кешірімді бол, келіспей жүрме өзіңмен.

Киелі зат жоқ жарыңың махаббатынан,  
Екеуінді де аялауға оны шақырам.  
Көсегелерің көгерсін деген тілекті  
Айтамын барлық үлкен үйлердің атынан.

17-қыркүйек, 1978

## ТҮҢФЫШ

Айтқаның екі болмайтын сенің тұңғышым,  
Сырларың маған мәлім деп күліп тұрмысың.  
Еркелігінді ақылмен енді ауыстыр,  
Ортаншымыз бен кенжеміз үшін үлгісің.

Тұспедің қолдан мәртебең болып тым биік,  
Бір саған ала беруші ек киім жылда үйіп.  
Жиналған екі, үш шамадан сенің кимінді  
Ортаншымыз бен кенжеміз енді жүр киіп.

Көрініп көзге бірінен болып бірі әйбәт,  
Ойыншық жидық, оған әр өткен күн айғақ.  
Таусылар емес, жоғалып, сынып жатса да,  
Сіңлің мен інің оларды өлі жүр ойнап.

Сәби шағыңың суреті тұр көп әлбом боп,  
Сені тартпаған бір де фото отдел қалған жоқ.  
Ортаншымыз бен кенжемізге беріп біразын:  
— Сендерсің, — десек, сеніп жүр сондай  
болғам деп.

25-қазан, 1978

## КҮЗ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

### I

Төсеген жапырақ жолдарға,  
Қыдырдық күзгі орманда.  
Әлемнің алуан бояуы  
Әр беріп тұрды сол маңға.

Бояудың мұнда бәрі бар,  
Бәрінен басым сарылар.  
Шыңдардың қалған қалындал  
Ақ қары көзге шалынар.

Мезгілдің мен деп көркемі,  
Күз билеп жатыр өлкені.  
Жоқ шығар десек қараны  
Қарайр жердің өртені.

Белдеуlep тұрған бөктерді  
Шыршада күзден жоқ белгі.  
Баяғы жасыл қалпында  
Салады еске көктемді.

Үйлесер күзгі шақтарға  
Жайылып жүрген аттар да.  
Кілең бір-күрен, кер, құла,  
Ағаштай тұнған қапталда..

Көркіне күздің көз қанып,  
Күз жайлы тек сөз қозғадық.  
Күн нұры селдір бұтақтан  
Құйылды жерге бозданып.

### II

Арықтар тоқтап теліген,  
Арнасы судың кеңіген.  
Ағады өзен тыныстап,  
Алдағы қыстың демімен.

Жапырактың жасыл кекілді  
Заманы өткен секілді.

Сарғайған жүзін көрді де  
Бұтақтан суға секірді.

Салқыннан ел жүр қорынып,  
Түсетін суға жоқ үміт.  
Жағаға шықты жапырлап  
Жапырақтар ғана шомылып.

26-қазан, 1978

### III

Өзгеріп бақтың түр өні,  
Күз келіп жапырақ түледі.  
Еңкейіп жерден аламын,  
Жатқандай күздің жүрегі.

Аяқтап жапырақ ерке әнін,  
Еселеп жатыр жер сәнін.  
— Бұтақта тұра тұрар ем, —  
Дейтіндей, — желге келсе әлім.

Жапырақ толы бақтарды,  
Жел тыныш қоймай ақтарды.  
Асығыс қарап жатқандай  
Сарғайған ескі хаттарды.

26-қазан, 1978

### IV

Жер бетін ертеңгілік басқан қырау,  
Секілді лайлы су аспан мынау.  
Сары ала құрақ көрпе жамылды да,  
Қалың ақ мамық жастық жастанды тау.

Тұлқі етіп жапырақтарын аунатты бақ,  
Қыран жел бітіп қалды аулап бірак.  
Мәуесіз ағаштардың арасынан  
Көрінер үйлер көзге аумақтырақ.

Тақырлап тастады деп шашымды алыш,  
Аныз шаң көтереді ашуланып.  
— Бар ма, — деп, — тіске ішінер қалған-құтқан,  
Төрт түлік қызықтап жүр басын барып.

Көрінер бу бол ұшып алған демін,  
Келесі көктемге де қамданды елім.  
Босаған мол өнімнен кең даланың  
Трактор уқалап жүр талған белін.

Қап керіп, қалта толып қағып есік,  
Бітпей жүр күз жемісін әлі үлесіп,  
Қараймыз сезіктене әр жауынға  
Артынан келе ме деп қар ілесіп.

Жинағы мектеп бала тобын қалын,  
Маңайлап малшы қыстау орындарын.  
Кездессе қариялар қауқылдасып,  
Байлаған сөз етеді соғымдарын.

Аспанды тұтасып бұлт сұстанады,  
Алаптан естілмейді құстар әні.  
Тоңардай тез батпаса үясына  
Күн де енді құннен құнгеге қысқарады.

27-қазан, 1978

## V

Әр ағаш жалын лаулаған,  
Орман түр өрттен аумаган.  
Сөндіре алмай бұлттар жүр  
Су шашып қара қауғадан.

Онымен жатар іс тынбай,  
Жапырақтар күліп мысқылдай.  
Бұтақтан түссе алапқа  
Жылтылдап тарар үшқындей.

Жел тұрса сол өрт асқынып,  
Бағынбай күтсе басқа үміт.  
Табжылтпай әлі-ақ табиғат  
Тастайды қармен бастырып.

29-қазан, 1978

## VI. ЖӘРКЕНГЕ

Есінде бар ма шатқалдан  
Өрмелеп үзген тәтті алман?  
Нөсерге жиі шомылып,  
Жел желпіп, күнге қақталған.

Ол емес қарар бақтардан,  
Жол емес маңы тапталған.  
Тасқын су, қия тастардан  
Өткенге сый ол сақталған.

Кезі екен кірген әріне,  
Үйірген тілді дәмі де.  
Тұспейтін жеміс, әрине,  
Созылған қолдың бәріне.

Үңіліп өмір мәніне,  
Бойласаң әрі-әрігे,  
Жырдың да бар-ау алмасы,  
Алмаған ешкім әлі де.

29-қазан, 1978

## АЙНАЛМА БӘЙГЕ

Кекілін буған шоқшалап,  
Жараған атта жоқ тағат.  
Желпінер жиі жер тарпып,  
Дегендей үшар соқ сағат.

Құйрығын түйген күлтелеп,  
Салсын деп назар жұрт елеп.  
Жабулап бала мінгізген  
Бәйге аттар шықты бір бөлек.

Жүйрікке зор сын жатты алда,  
Жасқанбас одан бап барда.

“Жигули”, “Волга” жүйткіді  
Қызмет етіп аттарға.

Өзге күй, тиып басқа әнді,  
Айналма бәйге басталды.  
Қалың ел шықты далаға  
Қаптаған үйлер бос қалды.

Апшысы жердің қуырылып,  
Бір-екі ат шықты суырылып,  
Озды деп шулап балалар,  
Үлкендер жатыр ду күліп.

— Артта әлі айқас, жекпе-жек,  
Арамтер бұлар текке, — деп.  
Үмітпен қарттар қарайды  
Үйлыққан соңғы лекке көп.

Сөргеге кезде тақалған,  
Озды деп алғаш аталған,  
Айналма сайын шегініп  
Әлгі аттар қалды қатардан.

— Шын жүйрік әне, қара! — деп  
Шулады ел тұтас бала бол.  
Соңғы аттың бірі суырылып,  
Бәрінен озды дара бол.

26-қараша, 1978

## ҚҰПИЯ ҚҰС

Кеудемде бір құпия құсым бардай,  
Қыырларға сол алыс ұшырғандай.  
Көз жетпеске ой жетіп оралғанша,  
Айналаммен отырам ісім болмай.

Соған азық іздеймін тұрып таңнан,  
Дән термес ол, су ішпес тұнықтардан.